

**Г.К. Джумажанова<sup>1</sup>, Г.А. Тайгулова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Қазақстан, Семей қ.  
e-mail: [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

### **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі қоғамда шығармашылық белсенділік және қабілет деңгейіне, кәсіби іс-әрекет барысында туындаған әр түрлі міндеттерді шешуге бағытталған өзіндік біліміне, тұлғаның қабілеттеріне талаптар күшейтілуде. Сонымен қатар болашақ педагог тұлғасына қойылатын талаптар да күшейтілуде. Мақалада педагогтың педагогикалық шеберлігі ол білім алушылардың дамуына, жетілуіне, рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне қолайлы жағдайлар жасау, балалардың ерекшелігін есепке ала отырып білім беру мен тәрбиелеу дағдыларына тікелей байланысты болып келеді. Шебер педагог, өзінің алдына көптеген міндеттер қоя отырып, ең алдымен өз шығармашылығын заманауи білім беру кеңістігіне бейімдей бастайды. Автор мақалада көптеген зерттеушілердің еңбектерінде болашақ маманның педагогикалық қабілет дайындығы мәселелерінің аспектілері қарастырған, атап айтсақ, мұғалімдердің жалпы педагогикалық дайындығы туралы.

**Түйін сөздер:** болашақ маман, педагог, қабілет, педагогикалық қабілет, кәсіби дайындығы.

**Г.К. Джумажанова<sup>1</sup>, Г.А. Тайгулова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет  
Казахстан, г. Семей  
e-mail: [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

### **Особенности педагогических способностей будущих специалистов**

В современном обществе усиливаются требования к уровню творческой активности и способностей, к самообразованию, способностям личности, направленным на решение различных задач, возникающих в ходе профессиональной деятельности. Также ужесточаются требования к личности будущего педагога. В статье отмечается, что педагогическое мастерство педагога напрямую зависит от навыков образования и воспитания с учетом специфики детей, создания благоприятных условий для развития, совершенствования, духовно-нравственного совершенствования обучающихся. Мастер-педагог, ставя перед собой множество задач, начинает, прежде всего, адаптировать свое творчество к современному образовательному пространству. В статье автором рассмотрены аспекты проблем готовности педагогических способностей будущего специалиста в трудах многих исследователей, в частности, об общей педагогической подготовке учителей.

**Ключевые слова:** будущий специалист, педагог, способности, педагогические способности, профессиональная подготовка.

**G. K. Dzhumazhanova<sup>1</sup>, G. A. Taigulova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Kazakhstan humanitarian and Law Innovation University  
Kazakhstan, Semey  
e-mail: [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

### **Features of pedagogical abilities of future specialists**

In modern society, the requirements for the level of creative activity and abilities, for self-education, and personal abilities aimed at solving various tasks that arise in the course of professional activity are increasing. The requirements for the personality of the future teacher are also being tightened. The article notes that the pedagogical skill of a teacher directly depends on the skills of education and upbringing, taking into account the specifics of children, creating favorable conditions for the development, improvement, spiritual and moral improvement of students. The master teacher, setting himself many tasks, begins, first of all, to adapt his work to the modern educational space. In the article, the author considers aspects of the problems of the readiness of the pedagogical abilities of the future specialist in the works of many researchers, in particular, on the general pedagogical training of teachers.

**Keywords:** future specialist, teacher, abilities, pedagogical abilities, professional training.

Қазіргі қоғамда шығармашылық белсенділік және қабілет деңгейіне, кәсіби іс-әрекет барысында туындаған әр түрлі міндеттерді шешуге бағытталған өзіндік біліміне, тұлғаның қабілеттеріне талаптар күшейтілуде. Болашақ педагогтардың индивидуалдық кәсіби қалыптасуы және оның рухани, шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілет мәселесі қазіргі уақытта өзекті екені белгілі. Педагог шығармашылығының индивидуалды стилі – бұл тұлғаның өзіндік индивидуалдылығы мен бүкіл тіршілік әрекеті жағдайларымен үйлесімде даму жүйесі, өмір іс-әрекетінде тұлғаның өзін өзі жүзеге асыру құралдарының жүйесі, белсенді шығармашылықтың нәтижесі. Осылайша педагогтың өзіндік стилінің болуы – бұл біріншіден міндеттелген кәсіби іс-әрекет құрылымына объективті тұрғыдан бейімделуі, екінші жағынан өзіндік индивидуалдылығын барынша ашу мүмкіндігі. Қазіргі кезде заман ағымына сай, білім беру саласында көптеген өзгерістер болып жатқаны анық. Сонымен қатар болашақ педагог тұлғасына қойылатын талаптар да күшейтілуде. Педагогтың педагогикалық шеберлігі ол білім алушылардың дамуына, жетілуіне, рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне қолайлы жағдайлар жасау, балалардың ерекшелігін есепке ала отырып білім беру мен тәрбиелеу дағдыларына тікелей байланысты болып келеді. Шебер педагог, өзінің алдына көптеген міндеттер қоя отырып, ең алдымен өз шығармашылығын заманауи білім беру кеңістігіне бейімдей бастайды. Педагог тек оқу пәніне қатысты академиялық білімдерді тасымалдаушы ғана емес, ол алдымен, әлем, дүние тылсым сырларын, экономикалық, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінез-құлықтарын, кәсіби іс-әрекеттерін, өнердің, мәдениеттің қуат әсерін білетін жан болуы қажет. Мұғалім алдымен өзінің сабағында осы аталған үштікті бірден ала жүру үшін, өзінің кәсіби тұрғыдан белсенді шығармашылық іс-әрекет жасауы тиіс [1].

Қазіргі кезде заман ағымына сай, білім беру саласында көптеген өзгерістер болып жатқаны анық. Сонымен қатар болашақ педагог тұлғасына қойылатын талаптар да күшейтілуде. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі ол білім алушылардың дамуына, жетілуіне, рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне қолайлы жағдайлар жасау, балалардың ерекшелігін есепке ала отырып білім беру мен тәрбиелеу дағдыларына тікелей байланысты болып келеді. Шебер педагог, өзінің алдына көптеген міндеттер қоя отырып, ең алдымен өз шығармашылығын заманауи білім беру кеңістігіне бейімдей бастайды. Педагог тек оқу пәніне қатысты академиялық білімдерді тасымалдаушы ғана емес, ол алдымен, әлем, дүние тылсым сырларын, экономикалық, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінез-құлықтарын, кәсіби іс-әрекеттерін, өнердің, мәдениеттің қуат әсерін білетін жан болуы қажет. Мұғалім алдымен өзінің сабағында осы аталған үштікті бірден ала жүру үшін, өзінің кәсіби тұрғыдан белсенді шығармашылық іс-әрекет жасауы тиіс. Қазақ даласының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев, адамның «толық», «кемел» болып қалыптасуы өзін-өзі жетілдіруіне байланысты екенін айтады. «Толық», «кемел» деген сөзінің астарында терең ұғым жатқаны анық. «Толық адам» деп өзінің жетінші қара сөзінде адамның мінезі, екі түрлі болып туатындығын, бірі тек тән үшін өмір сүрсе, екіншісі жанның құмарын қанағаттандыру үшін өмір сүреді екен, бұл екеуіде адам баласына қажет деп санайды Абай [2].

Абай өз шығармаларында жетілудің жолдарын, олардың түрлі белестерін көрсетеді. Әрбір адам осы жетілудің жолдарынан өте отырып, өзінің қай деңгейде тұрғанын және өмірінің келесі белесін анықтай алады. Мәні терең ашылып, келешегі айқындалғанда ғана адам өмірі маңызды болмақ. Абай ілімі осылай әркімнің өмірінің мәнін ашып, оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді. Әлемге әйгілі психолог-ғалым Л.С. Выготский өзінің зерттеулерінде тұлғаның шығармашылық

белсенділігін айта келе, оның ойынша заттық әлем, қоғамдағы қарым-қатынас және тағы да физиологиялық, психологиялық сыртқы факторлар – адамның ішкі белсенділігінің қайнар көздері болып табылады. Сонымен қатар бала өзімен-өзі қайсібір мәдениет құралдарды және ғылыми түсініктерді ашып, меңгере алмайды. Сондықтан бала психикасының дамуы ересек адамдармен өзара әрекеттесу негізінде ғана пайда болады деген ой-пікірлер айтты [3].

В.А. Кан-Калик мұғалімнің шығармашылық әрекетінің логикалық-педагогикалық аспектісін және субъективті-эмоционалды жағдайларымен қатар, ситуативті міндеттерді шешуде көрінетін коммуникативті іскерліктерді нақтылайды. Бұндай іскерліктердің алдыңғы қатарына өзінің психикалық және эмоционалды жағдайын басқару, әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып назарды өзіне қарата білу жатады. Шығармашылық адамды жеке бастық іскер сапалар, яғни оның креативтілігін сипаттайтын сапалар көрсетеді [4].

Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында, «шығармашылық» бұл өте кең және ауқымды ұғым, және ғылыми білімдердің тек бір саласын қамтымайтындығы анықтады. Шығармашылық мәселесі бұл бірнеше ғылым түрлерінің түйіскен жерлерінде, олардың қисынында орналасқан. Философтар шығармашылықты зерттей келе бұл «... жаңашыл, өзіндік ерекшелікке ие, өзгеше, қоғамдық-тарихи уникалды құбылыстың өмірге келуі» деп анықтады. Балалармен жұмыс жасау барысында ең маңыздысы, бұл тек педагог тарапынан шығармашылықты тудырту емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық іс-әрекет жасауына итермелеу болып табылады. Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Ал мұндай іс-әрекетке итермелеу үшін,

педагог тұлғасының белсенді шығармашылығы мол болуы тиіс [5].

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде болашақ маманның кәсіби дайындығы мәселелерінің аспектілері қарастырылады: Атап айтсақ: мұғалімдердің жалпы педагогикалық дайындығы туралы: Н.К. Крупская, Н.В. Слостенин, Н.Д. Хмель, Т.С. Сабыров, Ж.Б. Қоянбаев және т.б. қарастырған. Зерттеуші ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйене отырып, біз болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын қалыптастыру проблемасының әртүрлі бағытта жүргізілетіндігіне көзіміз жетті. Оған дәлел:

Бірінші бағыт мұғалімнің теориялық білімі мен оқу-тәрбие жұмысын атқаруға қажетті педагогикалық біліктері мен дағдыларының мазмұны мен жүйесін анықтайтын профессиограмма (В.А. Слостенин, Л.И. Щербаков).

Екінші бағыттың өкілдері мұғалімдердің дайындығын оқу пәндері бойынша педагогикалық практиканың дидактикалық бағыттылығын күшейту мен арнайы оқыту арқылы жетілдіру (Т.В. Амельченко, С.Е. Архипова, Т.Ш. Дамаев, П.С. Подымова, Т.С. Сабыров, М.Н. Сарыбеков, С.И. Тадиян).

Үшінші бағыт оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету, соған сәйкес мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық және әдістемелік дайындығын жетілдіру (Қ. Аймағанбетова, А.Х. Аренова, А.Е. Әбілқасымова, Л.В. Ванков, Б.М. Қосанов, Ш.Х. Құрманалиева, Т.Қ. Оспанов, С. Рахметова, С.О. Сатқанов, Н.Н. Светловская, Л.П. Стойлова, П.М. Эрдниев). Нәтижесінде, зерттеудің өзектілігі бір жағынан тәжірибе талаптарына жауап беруімен байланысты болады және екінші жағынан осындай іс-әрекеттің теориялық негізін анықтау деп қарастырамыз.

Сондықтан, тұлғалық-кәсібилік даму, өсу — адам дамуындағы шексіз процесс. Осы кезде өзін-өзі басқаруы, қоғамның өзгерістерін байқауы, қоршаған ортамен байланыс жасай отыра, өмірдің сан қырын

қабылдауы өмір мен кәсіби тәжірибесінде анықталады. Көптеген жас мамандарда ЖОО-ның алғашқы 1-жылдың соңында, кейбіреуінде 3-жылдың соңына қарай әлеуметтік адаптация аяқталады. Бұл қарастырып отырған өзінөзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру процесіндегі проблема, өзінің кәсіби қызығушылығы, қабілеттері мен жас мамандар үшін қажеттілігі мен оның құрылымдары, факторлары.

Сондықтан зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша кәсіби алды дайындықтың маңызы зор. Пікірді жақтай отырып, біз кәсіби алды дайындық мектептік кезеңнің органикалық бөлігі және алғашқы кәсіби өзін-өзі анықтау звеносы, жас маман ретінде қалыптасып, іс-әрекетке адаптация жасауға дайындық болып саналады. Ал педагогикалық университеттегі кәсіби оқыту кезеңінде кәсіби фундаменти қаланады, кәсіби білім, білік, дағдылары қалыптасады.

Сонымен қатар мұғалім тұлғасында педагогикалық іс-әрекетке деген қажеттілік бар кәсіби бағыттылық маңызды орын алады. Оған жататындар:

- 1) баларға деген сүйіспеншілік пен қызығушылық;
- 2) педагогикалық жұмысқа деген ынта-ықылас;
- 3) психологиялық-педагогикалық байқампаздық пен зеректік;
- 4) педагогикалық әдеп;
- 5) педагогикалық қиял;
- 6) ұйымдастырушылық қабілет;
- 7) әділдік таныту;
- 8) қарым-қатынас орната білу;
- 9) талап қоя білу;
- 10) мақсаттылық;
- 11) өзін-өзі ұстай білу;
- 12) өзіндік баға;
- 13) руғани-танымдық қажеттілік;
- 14) интеллектуалды белсенділік;
- 15) педагогикалық өзіндік білімденуге дайын болу [6]

#### Әдебиеттер.

1. Касымбекова, М.Д. Болашақ педагогтардың шығармашылық қабілеттерін арттыру негізі / М.Д. Касымбекова, А.Е. Абилкасым. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2019. — № 18.1 (256.1). — С. 9-10. — URL: <https://moluch.ru/archive/256/58654/> / (дата обращения: 08.06.2021).
2. Абай. Энциклопедия. — Алматы: Атамұра, 2010.
3. Выготский Л.С. Психология искусства. — Москва: Искусство, 1996. — 574 с.
4. Кан-Калик В.А., Никандаров Н.Д. Педагогическое творчество. — М.: Педагогика, 1990. — 250 с.
5. Бегалиева С.Б. Педагогика және психология. — Алматы, 2016. — 20 б.
6. Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. — М., 2006.

#### Әdebietter.

1. Kasymbekova, M.D. Bolashaq pedagogtardyn shyғarmashylyq қabiletterin arttyru negizi / M.D. Kasymbekova, A.E. Abilkasym. — Tekst : neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. — 2019. — № 18.1 (256.1). — S. 9-10. — URL: <https://moluch.ru/archive/256/58654/> / (data obrashcheniya: 08.06.2021).
2. Abaj. Enciklopediya. — Almaty: Atamұra, 2010.
3. Vygotskij L.S. Psihologiya iskusstva. — Moskva: Iskusstvo, 1996. — 574 s.
4. Kan-Kalik V.A., Nikandarov N.D. Pedagogicheskoe tvorchestvo. — M.: Pedagogika, 1990. — 250 s.
5. Begaliev S.B. Pedagogika zhәne psihologiya. — Almaty, 2016. — 20 b.
6. Elkanov S.B. Osnovy professional'nogo samovospitaniya budushchego uchitelya. — M., 2006.

**Джумажанова Гульжанар Какимжановна**

**Лауазымы:** псих.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан, Семей қаласы, Шмидт көшесі-44

**Байл. тел.:** 87783926076

**e-mail:** dariya69@mail.ru

**Тайгулова Гульшат Акрамовна**

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, «Педагогика және психология» мамандығының 2 – курс магистранты

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан, Семей қаласы, Шмидт көшесі-44

**Байл. тел.:** 87054655011

**Джумажанова Гульжанар Какимжановна**

**Должность:** к.псих.н., ассоциированный профессор, Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет

**Почтовый адрес:** 071400, Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта-44

**Сот. тел.:** 87783926076

**e-mail:** dariya69@mail.ru

**Тайгулова Гульшат Акрамовна**

**Должность:** казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, магистрант 2 курса специальности «Педагогика и психология»

**Почтовый адрес:** 071400, Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта-44

**Сот. тел.:** 87054655011

**Zhumazhanova Gulzhanar Kakimzhanovna**

**Position:** PSH.candidate of science, associate professor, Kazakh humanitarian and Law Innovation University

**Postal address:** 071400, Kazakhstan, Semey, Schmidt Street, 44

**Connect. tel.:** 87783926076

**e-mail:** dariya69@mail.ru

**Taygulova Gulshat Akramovna**

**Position:** Kazakh humanitarian and Law Innovation University, 2nd year master's student of the specialty "pedagogy and psychology"

**Postal address:** 071400, Kazakhstan, Semey, Schmidt Street, 44

**Connect. tel.:** 87054655011